

Заңды тұлғаларды тіркеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 2 желтоқсандағы N 546
Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Z952198_ және "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін" (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 2738 U952738_ Заң күші бар Жарлықтарын орындау үшін:

1. Орталық атқарушы органдардың басшылары бір ай мерзімде орталық атқарушы органдарды, олардың аумақтық бөлімшелерін және басқа да оларға ведомстволық бағынысты заңды тұлғаларды тіркеуді (қайта тіркеуді) қамтамасыз етсін.

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 U963168_ Жарлығына сәйкес құрылған және қайта ұйымдастырылған орталық атқарушы органдарды заңда белгіленген мерзімде тіркеуді (қайта тіркеу) жүргізісін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық атқарушы органдарды, олардың аумақтық бөлімшелерін және басқа да олардың ведомстволық бағыныстағы заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы ақпараттарды 1996 жылғы 20 желтоқсанға және 1997 жылғы 1 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырсын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін.

Премьер-Министр